

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

«БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖАҢҒЫРТУ:  
АККРЕДИТАЦИЯ ЖӘНЕ КАДРЛАР  
ДАЙЫНДАУ САПАСЫНЫҢ КЕПІЛІ»

46-ғылыми-әдістемелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

2016 жылдың 14-15 қаңтары

3-кітап



МАТЕРИАЛЫ

46-й научно-методической конференции

«МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ:  
АККРЕДИТАЦИЯ И ГАРАНТИЯ КАЧЕСТВА  
ПОДГОТОВКИ КАДРОВ»

14-15 января 2016 года

Книга 3

Алматы  
«Қазак университеті»  
2016

Сабақ – оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасында, студент оқытылып отырған пәнді жүйелі де дәйекті түрде баяндап беруге студенттердің ақыл-ой қабілеттерін дамытуға, олардың дүниеге көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сабақта студенттер білім жүйелерімен ғана емес, сондай-ақ танымдық әрекет әдістерін игереді. Бұл – білім алуда студенттерді дербес жұмысқа тартудың аса маңызды шарты. Сабақты ұйымдастыру формасы: экскурсия, семинар, конференция, бригадалық, жарыс, сайыс, іскерлік іс, электрондық оқыту, эвристикалық сабақ, шығармашылық, өзара оқыту, рольдік ойындар, мәселе-қойып оқыту, презентация, ұжымдық, біріктірілген, тренинг, фронтальдық, жеке жұмысты ұйымдастру, топтық жұмысты ұйымдастыру, жаңалық ашу т.б. түрлерін қолдану маңызды. Сондай-ақ, дәрісте негізгі оқу бағдарлама бойынша тақырыпты, силлабустағы тақырыбын, сабақты оқыту мақсатын хабарлау міндетті болып табылады.

Алайда, өткен тақырып бойынша сұрақтар қоя отырып, жаңа сабақты түсіндіру де бар. Міндетті түрде мамандықты игеру үшін тақырыптың маңыздылығы, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру үшін жасалатын жұмыстар тізбегі, дайын өнімдерді үлгі ретінде көрсету, схемалар мен сызбаларды, плакаттарды көрсету, компьютерден, интерактивті тақталардан, монитордан, бейнефильмдерден көрініс көрсету, нұсқау карточкаларының реттік қолдануын пайдалана отырып жұмыс жасау, жұмысты жасауға арналған жабдықтар мен құрал саймандарды пайдалану, жұмысты асықпай жасап көрсету, студенттің өзі жасап көруі мен өзін-өзі тексерудің жолдарын баяндау, жұмыс арасындағы операцияларды тексеруді баяндау, алдыңғы қатарлы жұмыс үлгілері мен әдістері туралы баяндау, жұмыс орнын тиімді ұйымдастыру туралы баяндау, кемшілік, қате болуының алдын алу туралы айтылады.

Студенттердің жаңа тақырыпты меңгергенін пысықтау, зертханалық жұмыстарда, сұрақтар қою, жауап алу, олардың жаңа жұмысты орындап, көрсетуі арқылы нәтижелері көрінеді. Зертханалық жұмыстарда, студенттер өздері жасайтын жұмыстар мен жаттығулар тізбегін беріп, оқытушы жұмыс орнын әзірлеуді, техника қауіпсіздігін сақтау тәртібін, біліктіліктерін бекітуді, дағдыларын қалыптастыруларын, жабдықтарды, құрал-саймандарды дұрыс қолдануларын, схема, сызба, плакаттарды, технологиялық нұсқауларды дұрыс қолданғанын тексереді. Зертханалық жұмыстың соңында, қорытынды шығарылып, студенттердің жұмысының сапасына қойылған баллды хабарлап, кездескен қателерді талданып талқыланады. Кейде сабақтың соңында студенттерге өздерін бағалауға, берілген әрбір тапсырма бойынша өзін-өзі бағалауы, топтың жұмысын бағалайды. Осылайша әртүрлі әдістерді қолдануда, студенттердің ойлау жүйесін дамытуда, білімдерін игеру арқылы мүмкіндігін шыңдап, өз биігіне көтеретін, табиғи қабілеттері мен дарындылық қасиеттері ашылған, өздігінен танып, ізденіп, іс әрекет жасайтын, өз бетімен білім алып, дами алатын жеке тұлғаны қалыптастыруымызға болады.

Осы орайда жоғарыдағыдай әдіс-тәсілдермен өткізілген жаңа сабақ, мақсатына жетсе, студенттердің сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Оқытушының ойлауы, өзінің жұмыс тәжірибесін, жаңа тәсілдерді қолдану және бағалау әрекеттерін сыни тұрғыдан бағалауды қамтиды. Бұл сыни тұрғыдан ойлауға, ойлануға мүмкіндік береді. Оқытушы сабақ барысында әрбір студенттің неге қабілетті және неге қызығатынын білуге, түсінуге тырысады.

Қорытындылай келе, оқытушы студентке білім міндеті қоятын талаптарды түсінуге, жеке ойлау үдерістерін және олардың жұмыс қағидаттарын зерттеуге, міндеттерді орындау стратегияларын әзірлеуге және ойластыруға, нақты міндет үшін сәйкес келетін стратегияларды таңдауға көмектеседі.

Өмірбекова Р., Аширова А.

#### КӘСІБИ -БАҒДАРЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ - КОММУНИКАТИВТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ НАҚТЫ ЖОЛЫ

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың « Қазақстан- 2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауының « Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдарының » 4- бөлімінде: «*Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде*

жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай- ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды» деген тұжырымдамасында жеткіншек жастар мен болашақ маманның сауаттылығы мен білім, біліктілігіне ерекше мән берілген.

Қазіргі замандағы білім берудің негізгі мақсаты- қоғамның талаптарына сай бәсекеге қабілетті, өмір сүруге бейім, өзіндік пікірі бар жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Студенттерді қызығушылық факторы арқылы ғана қазақша кәсіби сөйлеуге бейімдеп, олардың танымдық іс-әрекеттерін дамытуға болады. Адамдардың бойындағы сан – алуан қызығушылықтардың біреуі басым болады. Сол басым қызығушылық үйретушінің өз әрекетіне аса қажет. Кәсіби қазақ тілі сабағында жоғарыда аталған қасиеттерді мамандыққа байланысты мәтіндермен жүргізілетін жұмыс барысында, іскерлік ойындар мен жобалық жұмыстар арқылы тәрбиелеуге болатынын тәжірибие көрсетіп отыр.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде оқыту технологияларының жаңа үлгілері, заман талабына сай әдістер мен тәсілдер ( инновациялық әдіс, модульмен оқыту әдісі, интерактивті әдіс, жобалау әдісі, проблемалық әдіс, қатысымдық әдіс т.б ) ұсынылып отыр. Қазақ тілін кәсіби бағдарлы жолмен оқыту әдісі де тиімді әдістердің бірі болып табылады.

Тіл – коммуникация мақсатында қызмет етеді. ЖОО- да білім берудегі маңызды мәселелердің бірі – студенттердің коммуникативтік құзыреттіліктерін арттыру болып табылады. Жеке тұлғаны дамыту мәселелеріне Қазақстандық ғалымдар Ф. Оразбаева, Ж. Намазбаева, С. Рахметова, М. Қараев т.б жеке тұлғаға бағытталған және дамыта оқытудың психологиялық теориялары жасалып, оқу үрдісіне енгізілген. Бұл бағыт оқушы тұлғасын қалыптастыруда жаңа түрғыдан келуді қажет етеді.

Коммуникативтік білім беруді келешек маманның меңгеруі нәтижесінде пайда болатын жеке тұлғаның өзгеріс толық, тұлғалық және әлеуметтік интеграцияланған нәтижені анықтау мәселесін алға қойды. Осындай интеграцияланған әлеуметтік - тұлғалық - іс-әрекеттік ұғымның білім берудің нәтижесі ретіндегі жалпы анықтамасы болып мотивациялық құндылықты, когнитивті, дүниетанымдық, коммуникативтік құзыреттілік ұғымы танылады.

«Құзырет» ұғымы білім алушының жетілуімен және оның еңбек міндеттерін орындауға тиімді әрекет жасауына және жоғары нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндік береді. «Құзырет» - бұл оқу үдерісінде жинақталған білімге, тәжірибеге, құндылықтарға, бейімділіктерге негізделген жалпы қабілет. Құзырет саналы іс- әрекет барысында қалыптасады. Құзыретті меңгеру студенттің белсенділігіне тәуелді. Құзыретке ие болу сол жағдаятқа өзінің бар білімі мен тәжірибесін бейімдеу. Білімді білім алушының нақты қоғамдық өмірде білімін қолдану, ол үшін оқыту үдерісінде құзыретті дамыту және қалыптастыру үшін нақты жағдайлар тудыру қажет.

Коммуникативтік құзыреттілік төмендегідей компоненттерден тұрады:

- коммуникативтік тәртіп аймағындағы білімі ( қажетті тілдерді білуі, педагогика және психология, логика, риторика, мәдениет және сөйлеу аймағындағы білімі).

- коммуникативтілік және ұйымдастырушылық қабілеті ( іскерлік қатынастарды нақты және жедел орнату, белсенділік таныту, тұлғаны дұрыс қабылдау және түсіну негізінде психологиялық әсер ету, қоршаған ортамен және оқшауланған адамдармен біріккен іс-әрекет кезінде белсенді әрекет жасау);

- қазақ халқының рухани және тарихи – мәдени байлығын тіл арқылы таныту негізінде тіл үйренушілер елдің тарихымен, мәдениетімен, әдебиетімен, халықтың салт- дәстүрімен танысып, білімдерін молайту;

- күнделікті оқу үдерісінде ресми- іскери сөйлесуге тән тілдік тұлғаларды, сөз тіркестерін меңгеріп, мамандыққа қатысты іс – қағаздарды жазуды үйренуі;

- вербальды және вербальды емес қарым- қатынас мәдениет ( сөйлеу техникасы, риторикалық амалдар, аргументация техникасын және шарттасуды жүргізу, кәсіби педагогикалық әдеп ережелерін сақтау, ұғымдық категориялық ақпаратты мақсатты түрде қолдану, сөйлеу мәдениетін меңгеру, вербальды емес құралдарды қолдану).

Заманауи білім беру үдерісі ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, тіл үйренушінің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатқандықтан, қазақ тілінің білім мазмұнын құрудың әдіснамасын дұрыс таңдап алу қажеттілігі туындайды. Тілді қазіргі заман талабына сай меңгертуде озық технологияларды, ұтымды әдіс- тәсілдерді пайдалану – еліміздегі ең маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Студенттің коммуникативтік

құзыреттілігін қалыптастыруда оқытудың жаңа инновациялық әдістерінің бірі- ақпараттық технологияны пайдалану. Оқытудың ақпараттық технологиясы – тіл үйренушілерге білім берудің жаңа жолдарын іздестіру, білім сапасын арттыру, оқу – тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру үшін әрекет ету.

Ақпараттық технологияларды оқыту үрдісінде тиімді пайдалану студенттердің мемлекеттік тілді терең меңгерулерін қамтамасыз етіп, танып білуге деген қызығушылығын арттырады. Демек, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» тұлғаның қалыптасуына жағдай жасау арқылы еліміздің ертеңіне жауапты мамандарды тәрбиелеу жолдарының бірі ретінде « дүниеге жауапкершілікпен қарайтын, инновациялық, шығармашыл ойлауға дағдыларды дүниетанымдық мәдениеті жетілген адамгершілігі мол және білікті мамандардан жаңа ұрпақ қалыптастыру» міндеті қажет.

Бұл үштұғырлы тіл саясатын ұстанып отырған егемен елдің болашақ мамандарының мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, оны өзі қызмет ететін салада қолдана алуы олардың кәсіби әлеуетін арттырумен қатар елжандылық қасиеттерін де қалыптастырудың басты шарты болып табылатынының кепілі.

#### Пайдаланған әдебиет

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы. Астана, 2013
2. Шаханова Р. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. АДД. -Алматы, 2003
3. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. -Алматы, 2000

#### Resume

In this article the author examines the texts as the basis of professionally-oriented learning the Kazakh language. Offers a series of exercises aimed at the formation of speech activity. Relying on the data of modern advanced methods of teaching Kazakh language for text allow scientifically determine the content of the work on the development of coherent speech.

**Keywords:** vocational-oriented education, communicative activities, information culture, socio-cultural aspect, perception of the text

Садықова Р.О., Райымбекова М.Т.

#### ТАРИХ ПӘНДЕРІНДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: қазіргі білім берудегі басты мәселе - білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді де жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын болашақ мамандарды даярлау екені атап көрсетіледі. Еліміздің білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. ҚР "Білім туралы" Заңының 8 бабының 7 тармағында: білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтармен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу" - деп атап көрсетілген [1].

Бүгінгі күні республикамызда білім беру жүйесінің түбегейлі өзгеріске ұшырауы анықталғаны баршамызға аян. Оның негізгі факторы жаһандану үрдісіндегі білім беру саласында жаңа моделдердің дүниеге келуі, білім беру үрдісінің ақпараттандырылуы болып табылады. Прогрессивті концепциялардың пайда болуы, білім беру үрдісінде алдыңғы қатарлы мемлекеттердің тәжірибесімен танысу және соның нәтижесінде ұлттық білім беру моделін құрастыру бүгінгі күні өте өзекті мәселе болып табылады, өйткені нарықтық экономикаға негізделген мемлекетіміздің келешегіне мамандар қажеттігінен туындайды.

Сонымен қатар жеке тұлғаны емес, оның даму процесін басқару қажеттігі айқындалып отыр. Ал бұл, педагог жұмысындағы артықшылық жанама педагогикалық ықпал жасауға берілетіндігін білдіреді: тікелей жасалатын әдістерден, лозунгтардан және үндеулерден бас

<b>Рахимбекова Б.К., Майданали З.</b> Инновации в лаборатории историка: цифровые ресурсы и историческая эвристика	251
<b>Рахметуллаева Р.К., Токтабаева А.К., Мун Г.А., Мангазбаева Р.А., Ан Е.В.</b> Роль массового открытого онлайн-курса в учебном процессе по дисциплине «Химия высокомолекулярных соединений»	253
<b>Романова С.М.</b> Этапы формирования информационной компетенции магистрантов при обучении курса «Теоретическая и прикладная гидрохимия»	256
<b>Рысқалиева Р.Г., Байұзакова А., Қарамырзаев Ф.</b> Электрондық оқулықтарды қолдану арқылы «бейорганикалық химия» пәнін оқыту ерекшеліктері	260
<b>Рыспеков Т.Р., Казыбекова Э.Т.</b> Взаимосвязь и взаимообусловленность рациональной и эмоциональной сторон обучения	263
<b>Рысбекова Б.А.</b> Методы и приемы обучения лексике на уроках английского языка	268
<b>Мухатаева Қ.</b> Инновациялық білім беруде Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығын оқыту	271
<b>Мергенбаева К. К., Тілепберген А.</b> Қазіргі кездегі білім берудегі инновациялық сабақтар	274
<b>Өмірбекова Р., Аширова А.</b> Кәсіби -бағдарлы қазақ тілін оқыту - коммуникативтік білім берудің нақты жолы	275
<b>Садықова Р.О., Райымбекова М.Т.</b> Тарих пәндерінде интерактивті және ақпараттық технологияларды қолдану маңыздылығы	277
<b>Садырова М.С., Сарыбаева И.С.</b> Использование интерактивных методов обучения в социологии	280
<b>Байдельдинов Д.Л., Айдарханова К.Н.</b> Проблемы преподавания юридических дисциплин в условиях реализации принципов болонского процесса	283
<b>Zhussupova A.I., Zhussupova G.E., Aytasheva Z.G., Mukataeva K.A.</b> High impact teaching towards active learning in science education	286
<b>Джулаева А.М.</b> Дифференцирующие профессиональные компетенции преподавателей вузов как фактор повышения качества подготовки кадров	290
<b>Серикбаев Б.А., Наурызбаев М.К., Камысбаев Д.Х., Кудреева Л.К.</b> Разработка презентации лекции по технологическим дисциплинам в соответствии с концепцией инновационного обучения	294

*Ғылыми-әдістемелік басылым*

**«БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖАҢҒЫРТУ:  
АККРЕДИТАЦИЯ ЖӘНЕ КАДРЛАР  
ДАЙЫНДАУ САПАСЫНЫҢ КЕПІЛ»**

**46-ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**14-15 қаңтар 2016 жыл**

**3-кітап**

**ИБ №9184**

Басуға 26.02.2016 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 25,16 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №157.  
Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінің «Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.